

КҮНІ:	Пән мұғалімі:Искакова Л.М.	
Сабақтың тақырыбы	Атмосфералық қысымның,жауын-шашынның,қар жамылғысының өзгеруі	
Сілтеме	Жоспар, оқулық,қосымша мәліметтер	
Жалпы мақсаты	Атмосфералық қысымды білу,жауын-шашынның түрлерін,таралуын түсіну, шаруашылыққа әсерін анықтау	
Күтілетін нәтиже	Атмосфералық қысымды біледі,жауын-шашынның түрлерін,таралуын түсінеді,шаруашылыққа әсерін анықтайды	
Негізгі идеялар	Атмосфералық қысымның әсерінен ауа ағындары жауын түрлерін қалыптас-тыратынын,жауын-шашынның негізгі бөлігі қайдан келетінін,қалай қарай өзгередіні туралы карта арқылы оқып біледі	
Оқыту құралдары	Қазақстанның физикалық,жауын-шашынның таралу карталары	
Тапсырмалары	Жұмыс дәптері Сыни тұрғыдан ойлауға сұрақтар «Ой қозғау» Топтық жұмыс «Мәтінмен жұмыс» Жұмыс дәптері Сұрақ-жауап «Не ұқтым?»	

Сабақ бойынша мұғалімнің жазбалары: (мұғалім және оқушы немен айналысады)

Ұйымдастыру:1.Сынып оқушыларына жағымды ахуал туғызу. (5 минут)

I.Үй тапсырмасы:Жұмыс дәптері. **Басбармақ арқылы бағалау**

II.Сыни тұрғыдан ойлауға сұрақтар (5 минут) Мадақтау арқылы бағалау

- 1.Жауын-шашын түрлерін білесің бе?
- 2.Жауын-шашынның әр аймаққа әркелкі таралу себебі
- 3.Олардың шаруашылыққа пайдасы мен зияны не деп ойлайсың?

Мадақтау арқылы бағалау

III. Жаңа сабақ: Топтық жұмыс

1. Жауын-шашын мөлшері мен булану картасын талдай отырып, анықта:

- а) жауын-шашын ең аз мөлшерде түсетін аудан —
- ә) жауын-шашын ең көп мөлшерде түсетін аудан —
- б) жауын-шашынның таралу заңдылықтары

2. Қазақстан аумағындағы жауын-шашынның таралу себептерін көрсет:

3. Кестені толтыр:

ҚАР ЖАМЫЛҒЫСЫНЫҢ ТАРАЛУЫ

Қазақстан аумағының бөлігі	Қар жамылғысының қалыңдығы (см)	Қар жамылғысының жату ұзақтығы

4. Мыңжылқы (биіктігі 3036 м) республикамыздың оңтүстігіндегі Іле Алатауында орналасқан. Неге онда қар 230 күн ерімей жатады?.....

5. Жауын-шашынның түсуі мен ылғалдануының картасын пайдалана отырып, кестені толтыр.

$$K = \frac{Ж}{Б}$$

Пункттер	Жылдық жауын-шашын мөлшері (Ж)	Буланушылық (Б)	Ылғалдану коэффициенті (К)	Ылғалдану дәрежесі
Петропавл				
Қарағанды				
Өскемен				
Атырау				
Қызылорда				

6. Петропавл мен Қарағанды қалаларының қайсысында булану көп болады? Бұл ылғалдану дәрежесіне қалай әсер етеді?.....

7. Ылғалдануы төмен, яғни мардымсыз болатын аудандарды анықта:

8. Неге Алтайдағы Кіші Үлбі өзенінің жоғарғы ағысында ылғалдану коэффициенті бірлік шамасынан жоғары?

9. Ақтау мен Алматы қалалары үшін ылғалдану коэффициентін анықта. Бір ендікте жатқан қалаларда К (ылғалдану коэффициенті) неге әр түрлі екенін түсіндір.

Оқушыларды 5 топқа бөліп мәтінмен жұмыс жасату.

Оқулық мәтінін пайдалану арқылы кестені толтырып топ баяндамашылары сипаттама береді

Бағалау. Екі жұлдыз, бір ұсыныс арқылы бағалау

IV. Сабақты бекіту: Сен маған, мен саған (топтар бір-біріне сұрақтар береді)

Мұғалімнің бағалауы

Кейінгі тапсырма	Қазақстан аумағындағы қалалардың ылғалдану коэффициентін табу
Кейінгі оқу	Климаттың адам өмірі мен оның шаруашылық әрекетіне тигізетін әсері